



Институтта «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылды

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы шаралар қаламызда да жоғары деңгейде іске асып келеді. Соның бір дәлелі ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ-да «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылып, «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» тақырыбында республикалық ғылыми – практикалық конференция өтті.

Қаламызда алғашқы болып ашылып отырған «Рухани жаңғыру» кеңсесінің керме жібін қала әкімі Эльдар Қонысбайұлы мен облыстық "Рухани жаңғыру" кеңсесінің менеджері, "Жайдарлы жастар" қоғамдық қорының директоры Марғұлан Абдоллаұлы салтанатты түрде қиды. Аты айтып тұрғандай бұл кеңседе рухани саладағы түрлі іс – шаралар өтеді. Ол жайында ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры Сейітбек Бекенұлы айтып өтті. – Әкімдік, колледждер мен мектептердің барлығын біріктіріп осы жерде жұмыс істесек деп отырмыз. Көп ұзамай кеңсе меңгерушісі Сабыржан Нұрсалиұлы алғашқы шараларын

өткізеді. Алдымен ардагерлерді шақырып, қаламыздың бүгінгі мен өткені жайында студенттерге мағлұмат беру ойымызда бар. Одан соң кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, олардың осы деңгейге қалай жеткені жайында сұхбат құру арқылы, жастарды еңбекке баулу мақсатын көздеп отырмыз, – дейді Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ.

Институттағы шара «Үштілділік – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» тақырыбындағы республикалық ғылыми – практикалық конференциямен жалғасын тапты. Конференцияның пленарлық отырысында облыстық "Рухани жаңғыру" кеңсесінің менеджері, "Жайдарлы жастар" қоғамдық қорының директоры М. БӘКІР, Жезқазған университетінің доценті, п.ғ.к З. ҚАШҚЫНБАЕВА, Арқалық қалалық білім бөлімінің әдіскері А. ЖҰМАҒАНБЕТОВА, АрқМПИ ректорының кеңесшісі, "Рухани жаңғыру" жобалық кеңсесінің директоры С. ТАСМАҒАНБЕТ, өлкетанушы, қолөнер шебері, Ш. БАЙДІЛДИНДЕР мінберден сөз алып, тақырыпқа сай баяндамаларын оқыды.

Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ